

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру мен қайта атап туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қыркүйектегі N 938 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Оңтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Арал-Сырдария облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы" мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Жамбыл облыстық аумақтық балық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Орталық Шығыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Қарағанды облыстық аумақтық балық шаруашылығы басқармасы" мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Ақмола облыстық аумақтық балық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен;

3) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Солтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Қостанай облыстық аумақтық балық шаруашылығы басқармасы" мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық балық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Батыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Ақтөбе облыстық аумақтық балық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті аумақтық органдарының қызметкерлері штат санының лимиттері шегінде жоғарыда көрсетілген басқармалар штат санының лимиттерін анықтау жөнінде;

2) басқармалардың Ережелерін бекіту және оларды әділет органдарында тіркеуді және қайта тіркеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК